



Алхан Бóкейхан: «Ultqa qyzmet etý – bilimnen emes, minezden»

AQTÓGAI AJARY



«Қарағанды журналистикасын дамытуға қосқан үлесі үшін»

1938 жылдың 15 тамызынан
бастап шығады

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

f www.facebook.com/a.ajary.kz

№ 34 (8061) 21 тамыз, Жұма 2026 жыл

@ aktogai_red@mail.ru

* Президент тапсырмаларын орындай отырып ...

Егін жинау науқаны өткен жылдан екі есе жылдам жүріп жатыр

Егін жинау науқаны өткен жылдан екі есе жылдам жүріп жатыр

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмаларын орындау аясында Үкімет егін жинау науқанының тұрақты өтуін қамтама-сыз ету бойынша шаралар қабылдауда. Қазіргі көрсеткіштер өнімділіктің артып, салада қабылданып жатқан шаралардың тиімділігін көрсетеді. Мұндағы соңғы жылдардағы негізгі құрал агро-өнеркәсіптік кешенді мемлекеттік қолдауға деген көзқарасты өзгерту болды, салада жекелеген іс-шараларды қаржыландырудан бастап бүкіл өндірістік циклды кешенді түрде қамтамасыз етуге назар аударылды. Алдын ала қаржыландыру, ресурстарға жеңілдікпен қол жеткізу, ауыл шаруашылығы техникасын жаңарту, тыңайтқыштар мен сапалы тұқымдарды қолдану көлемін ұлғайту, сондай-ақ заманауи агротехнологияларды енгізу диқандарға маусымға уақтылы дайындалуға және егін жинау жұмыстарының жоғары қарқынын қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Егін жинау қарқыны былтырғыдан екі есе жоғары – орташа өнімділік гектарынан 14,6 центнер Жаппай егін жинау науқаны еліміздің барлық негізгі аграрлық аймақтарында 2026 жылдың 15 тамызында басталды. Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметінше, бүгінгі таңда 2,6 млн гектардан дөңді дақылдар жиналды. Салыстыру үшін айтсақ, өткен жылдың сәйкес кезеңінде бұл көрсеткіш 1,3 млн гектар болған еді. 17 тамыздағы мәлімет бойынша орташа өнімділік гектарынан 14,6 центнерді құрады. Ауыл шаруашылығы дақылдарының негізгі түрлері бойынша оң динамика байқалады. Әртараптандыру шеңберінде бидайдың егістік алқаптары 875 мың гектарға қысқартылды. Соған қарамастан жалпы өнім көлемі өсіп келеді. Бұл әр гектардан алынатын өнімнің артып, қолданыстағы егістік алқаптардың тиімдірек пайдаланылып отырғанын көрсетеді. Басқа да негізгі дақылдар бойынша бүгінгі таңда 513 мың тонна картоп, 1,1 млн тонна көкөніс және 1,6 млн тонна бақша дақылдары жиналды. АӨК-ті қаржыландыру үш жылда жеті еседен астам өсті. Қол жеткізілген көрсеткіштер

аграрлық секторды мемлекеттік қолдауды дәйекті түрде күшейтудің нәтижесі болып отыр. Үш жыл ішінде АӨК-ті қаржыландыру көлемі 2023 жылғы 140 млрд теңгеден 2025 жылы 1 трлн теңгеге дейін өсті. Бұл ретте өндірістік циклдың алғашқы кезеңдерінде қаржы ресурстарына қолжетімділікті арттыруға ерекше көңіл бөлініп отыр. Диқандар дала жұмыстарын ал-



дын ала жоспарлауға және тұқым, тыңайтқыш, өсімдіктерді қорғау құралдары, жанар-жағармай мен техника сынды қажетті ресурстарды уақтылы сатып алуға мүмкіндік алды. Бұл егіс науқанын оңтайлы агротехникалық мерзімде жүргізуге және қажетті технологиялық операциялардың орындалуын қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Бүгінгі таңда технологияны сақтау саланың өнімділігін арттырудың негізгі резервтерінің біріне айнауда. Соңғы екі жылда минералды тыңайтқыштарды қолдану көлемі үш есеге, яғни 1,8 млн тоннаға дейін ұлғайды. Осы жылы көрсеткішті 2,3 млн тоннаға дейін жеткізу жоспарлануда. Бүгінде 2 млн тонна тыңайтқыш жеткізуге шарттар жасалды, оның 1,9 млн тоннасы немесе жылдық жоспардың 83%-ы ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге жөнелтілді. Тұқым қорының сапасын арттыру бойынша жұмыстар да жалғасуда. Элиталық тұқымдарды пайдалану үлесі 2023 жылғы 7,1%-дан қазіргі уақытта 11,6%-ға дейін өсті. Сонымен бір мезгілде саланы техникалық қайта жарақтандыру шаралары да жеделдетілуде.

Жеңілдікті лизинг бағдарламасы аясында қаржыландыру көлемі 10 есеге артып, 2026 жылы 350 млрд теңгеге жетті. Жыл басынан бері бағдарлама аясында 256,3 млрд теңге сомасына 6 790 өтінім қаржыландырылып, 7 718 бірлік ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуға қолдау көрсетілді. Жалпы, өткен жылы ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері шамамен 25

ны құрайды. Оның 13,3 млн тоннасы жұмыс істеп тұрған лицензияланған астық қабылдау кәсіпорындарының, ал 17,4 млн тоннасы ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің сақтау қуаттарына тиесілі.

Қазіргі уақытта республикада 189 жұмыс істеп тұрған астық қабылдау кәсіпорны бар. Qoldau.kz порталының деректеріне

мың бірлік заманауи техника сатып алды, ал машина-трактор паркінің жаңару деңгейі 2024 жылғы 6%-дан 2025 жылы 6,5%-ға дейін өсті. Биыл бұл көрсеткішті 8%-ға жеткізу жоспарланып отыр. Негізгі астық егетін өңірлерде жүргізілген талдау шаруашылықтардың технологиялық қамтамасыз етілу деңгейі мен түпкілікті өнімділік арасындағы тұрақты байланысты көрсетеді. Агротехнологияларды сақтау және қажетті ресурстармен қамтамасыз ету неғұрлым жоғары болса, өндіріс тиімділігі соғұрлым жоғары болады. Осыған байланысты саланы одан әрі дамыту әр гектардан алынатын өнімділікті арттыруға, ресурстарды ұтымды пайдалануға және заманауи технологияларды жүйелі түрде енгізуге бағытталады. Астық қоймаларының жалпы сыйымдылығы 30,7 млн тонна: инфрақұрылым жаңа өнімді қабылдауға дайын.

Жаңа өнімді қабылдауға қажетті инфрақұрылымның дайындығы алдын ала қамтамасыз етілді. Облыс әкімдіктерінің деректеріне сәйкес, республикадағы астық сақтау қоймаларының жалпы сыйымдылығы 30,7 млн тонна-

сәйкес, лицензияланған астық қоймаларының жүктемесі 2,5 млн тоннаны, яғни 18%-ды құрайды. Бос сақтау көлемі 10,7 млн тонна. Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қолдау мақсатында министрлік инвестициялық субсидиялау түрінде мемлекеттік қолдау көрсетеді. №21 «Астық қоймаларын салу және кеңейту» жобасының паспорты бойынша шығындарды өтеу мөлшері 25%-ды құрайды. Келіп түсіп жатқан бидайдың сапасы да жоғары деңгейде сақталуда. Жаңа өнімнен лицензияланған астық қабылдау кәсіпорындарына барлығы 469,5 мың тонна астық түсті. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен 4 есеге жуық жоғары. Былтыр осы кезеңде қабылданған астық көлемі 120,5 мың тоннаны құраған. Жаңа өнімнің сақтауға қабылданған жұмсақ бидайының 70%-ы 3-сыныпқа, 18%-ы 4-сыныпқа, ал 12%-ы 5-сыныпқа және сыныпқа жатпайтын бидайға тиесілі. Егін жинау науқанының үздіксіз жүргізілуі шаруаларға дизель отынының тұрақты жеткізілуі арқылы қамтамасыз етілуде. Егін жинау науқанын (Жалғасы 3-бетте).

** Халық үніне құлақ асатын мемлекет*

Қазақстанда зейнетақы төлемдерінің мөлшері неге байланысты?

Қазақстан Республикасында азаматтарды зейнетақымен қамсыздандыру 2023 жылғы 20 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

Зейнетақы төлемдерінің мөлшері бірнеше негізгі факторға байланысты. Оларға еңбек өтілі, зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі, жұмыс істеген кезеңдегі орташа айлық табыс, сондай-ақ Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы (БЖЗҚ) зейнетақы жинақтарының мөлшері жатады.

Қазақстандағы зейнетақымен қамсыздандыру жүйесінде негізгі құрамдастардың қатарында мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі, жасына байланысты зейнетақы төлемі (ынтымақты зейнетақы) және зейнетақы жинақтары есебінен төленетін төлемдер бар. Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі Базалық зейнетақы төлемі зейнеткерлік жасқа толған азаматтарға тағайындалады және ең алдымен зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне байланысты болады. 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі 10 жыл және одан аз болған немесе ол болмаған жағдайда базалық зейнетақы төлемі ең төмен күнкөріс деңгейінің 70 пайызын құрайды. Зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі 10 жылдан асқан әрбір толық жыл үшін оның мөлшері 2 пайызға ұлғайтылады. Бұл ретте 2026 жылы базалық зейнетақы төлемінің ең жоғары мөлшері ең төмен күнкөріс деңгейінің 118 пайызын құрайды. Осылайша, азаматтың зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі неғұрлым ұзақ болса, базалық зейнетақы төлемінің мөлшері де соғұрлым жоғары болады.

Жасына байланысты зейнетақы төлемі

Жасына байланысты ынтымақты зейнетақы төлемінің мөлшері 1998 жылғы 1 қаңтарға дейінгі еңбек өтіліне

және 1998 жылғы 1 қаңтардан кейінгі жұмыс кезеңіндегі орташа айлық табысқа байланысты. Жасына байланысты зейнетақы төлемін тағайындау кезінде 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша кемінде алты ай еңбек өтілі ескеріледі. Төлем мөлшері заңнамада белгіленген кезеңдегі еңбек өтілі мен орташа айлық табыс ескеріле

жарналарының тұрақты және ұзақ мерзім бойы аударылуы, жарналардың мөлшері және инвестициялық табыс әсер етеді. Зейнетақы мөлшеріне қандай факторлар әсер етеді?

Осылайша, азаматтың зейнетақы төлемдерінің мөлшері мынадай негізгі факторлардың жиынтығына байланысты:

мәліметтер ескеріледі. 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап жасына байланысты зейнетақы төлемдері мен еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері 10 пайызға арттырылды. Сондай-ақ ең төмен күнкөріс деңгейінің өзгеруіне байланысты мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерінің мөлшері қайта қаралды.

Зейнетақы жарналарын бақылау неліктен маңызды?


Болашақ зейнетақы төлемдерінің мөлшері азаматтың бүкіл еңбек қызметі кезеңінде қалыптасады. Сондықтан азаматтарға зейнетақы жарналарының аударылуын және БЖЗҚ-дағы жинақтарының жай-күйін тұрақты түрде бақылап отыру ұсынылады. Азамат зейнетақы жүйесіне неғұрлым ұзақ қатысып, зейнетақы жарналары неғұрлым тұрақты аударылған сайын, болашақта лайықты зейнетақымен қамсыздандыруды қалыптастыру мүмкіндігі де арта түседі.

Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесі мемлекеттік және жинақтаушы құрамдастарды үйлестіруді көздейді. Бұл азаматтың еңбек үлесін және оның жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысуын ескере отырып, зейнетақы төлемдерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Маңызды: зейнетақы төлемдерінің нақты мөлшері Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі және зейнетақы төлемдерін есептеу мен тағайындаудың қолданыстағы тәртібі негізінде әр азаматқа жеке есептеледі.

Нүркен БЛЯЛОВ,

**Халықты әлеуметтік қорғау
саласындағы реттеу және бақылау
Комитетінің Қарағанды облысы
бойынша департаментінің
басшысы.**

**Материал «Ortalyq Qazaqstan»
газетінің сайтынан алынды.**



отырып есептеледі. Демек, расталған еңбек өтілі мен ресми табыстың болуы зейнетақымен қамсыздандыру мөлшеріне тікелей әсер етеді. БЖЗҚ-дан төленетін төлемдер Зейнетақымен қамсыздандырудың тағы бір құрамдас бөлігі

– Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында қалыптастырылған зейнетақы жинақтары есебінен жүзеге асырылатын төлемдер. Мұндай төлемдердің мөлшері азаматтың зейнетақы жинақтарының сомасына, оның ішінде міндетті, міндетті кәсіптік және ерікті зейнетақы жарналарына, сондай-ақ инвестициялық табысқа байланысты.

Сондықтан жинақтаушы зейнетақы-
нын болашақ мөлшеріне зейнетақы

- * еңбек өтілінің ұзақтығына;
- * зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне;
- * есепке алынатын кезеңдегі орташа айлық табыс мөлшеріне;
- * зейнетақы жарналарының мөлшері мен аударылу ұзақтығына;
- * БЖЗҚ-дағы зейнетақы жинақтарының сомасына;
- * зейнетақы активтері бойынша алынған инвестициялық табысқа;
- * тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленетін көрсеткіштерге.

Бұл ретте әр азаматтың зейнетақы төлемдерінің мөлшері жеке есептелінін атап өткен жөн. Есептеу кезінде оның еңбек өтілі, табысы және зейнетақы жинақтары туралы

*** Журналист пікірі**

«АҚЫЛДЫ» технология: пайдасы мен қаупі қатар

Бүгінде әлем бұрын-соңды болмаған жылдамдықпен өзгеріп келеді. Кеше ғана қиял-ғажайып фильмдерден көретін технологияларымыз бүгін күнделікті тіршілігіміздің бір бөлшегіне айналды. Соның бірі – жасанды интеллект.

Қазір жасанды интеллект туралы естімеген адам кемде-кем. Біреу оны жұмысына пайдаланады, енді бірі баласының сабағына көмектесу үшін қолданады. Біреулер мәтін жаздырады, аударма жасатады, сурет құрастырады, акпарат іздейді. Тіпті дәрігерлік, білім беру, өндіріс, ауыл шаруашылығы, мемлекеттік қызмет пен бұқаралық акпарат құралдары саласында да жасанды интеллектінің мүмкіндігі кеңінен қолданыла бастады. Журналист ретінде мені толғандыратын мәселе – жасанды интеллект бізге қызмет ете ме, әлде бірте-бірте біз оған тәуелді болып қарамыз ба? Меніңше, мәселенің түйіні технологияның өзінде емес, оны адамның қалай пайдалануында жатыр.

Жасанды интеллектінің қоғамға берер пайдасын жоққа шығаруға болмайды. Ең алдымен, ол уақыт үнемдейді. Бұрын бірнеше сағат, кейде бірнеше күн кететін жұмысты жаңа технология санаулы минутта аткарып бере алады. Үлкен көлемдегі ақпаратты саралау, мәтінді жүйелеу, есеп жүргізу, аударма жасау, белгілі бір тақырып бойынша дерек жинақтау – осының барлығы адамның жұмысын едәуір жеңілдетеді. Бұл әсіресе ақпарат саласында анық байқалады. Журналист

үшін ақпаратты жылдам іздеу, көлемді құжаттарды саралау, сұхбатқа сұрақ дайындау, тақырып бойынша бастапқы мәлімет жинау кезінде жасанды интеллект көмекші құрал бола алады. Бірақ оның берген мәліметін сол күйінде жариялау – журналистика емес. Өйткені журналистің басты міндеті – ақпаратты тек жеткізу емес, тексеру, саралау, салыстыру және ақиқатын анықтау.

Жасанды интеллект адамның орнына ауылға барып, ақсақалдың әңгімесін тындай алмайды. Кейіпкердің жанарындағы мұңды сезіне алмайды. Ел ішіндегі мәселенің шынайы салмағын жүрегімен түйсіне алмайды. Адам тағдыры туралы жазғанда журналистің өмірлік тәжірибесі, азаматтық ұстанымы, жауапкершілігі мен сезімі қажет. Сондықтан мен жасанды интеллектіңі журналистің орнын басатын күш емес, оның жұмысын жеңілдететін құрал деп қабылдаймын. Оның білім саласындағы мүмкіндігі де мол. Оқушы түсінбеген тақырыбына түсініктеме ала алады. Мұғалім сабақ жоспарын әзірлеуге қосымша идея табады. Студент үлкен көлемдегі ақпаратты жүйелеуге мүмкіндік алады. Шет тілін үйрену, мәтін аудару, тапсырмаларды түсіндіру де әлдеқайда жеңілдеді. Бірақ осы жерде үлкен қауіп бар.

Қазір көптеген маман бұрын қолмен атқаратын жұмысын технологияның көмегімен тез орындай алады. Сараптама жасау, құжаттарды жүйелеу, мәліметтерді өңдеу секілді жұмыстар автоматтан-

дырылып келеді. OECD зерттеулерінде де жасанды интеллектіні пайдаланған қызметкерлердің едәуір бөлігі оның жұмыс өнімділігін жақсартқанын айтқан. (OECD) Алайда мұның екінші жағы тағы бар. Кейбір мамандықтарға сұраныс азаюы мүмкін. Қайталанатын, бір үлгідегі жұмыстарды машина адамның орнына атқара бастауы ықтимал.

Ең бастысы – адам технологияның иесі болып қалуы қажет. OECD жасанды интеллектінің ғылымды жеделдету, өнімділікті арттыру секілді зор мүмкіндіктерімен қатар, жалған ақпарат, алаяқтық, теңсіздік, билік пен ресурстардың шоғырлануы тәрізді тәуекелдері бар екенін көрсетеді. (OECD) Сондықтан алдағы уақытта мемлекетке де, мектепке де, ата-анаға да, бұқаралық ақпарат құралдарына да үлкен жауапкершілік жүктеледі.

Технология қанша жерден мықты болғанымен, мемлекетті дамытатын – ойлайтын адам. Қоғамды алға сүйрейтін – саналы адам. Елдің тағдырын шешетін де – адам. Біз жасанды интеллект дәуіріне аяқ бастық. Одан кері қайту мүмкін емес әрі қажет те емес. Ендеше, басты мақсат – технологиядан қашу емес, оны адам игілігіне бағындыру. Жасанды интеллект адамға қызмет етсе – мүмкіндік. Ал адамзаттың ең үлкен артықшылығы – технологиясында емес, ойында, арында, мейірімінде және жауапкершілігінде.

**Гүлнар Метай,
ҚР Ақпарат саласының үздігі.**

Мектеп формасы: талап пен талғам үндесе ме?

Жаңа оқу жылына санаулы күн қалды. Қазір ата-аналардың күн тәртібінде мектепке қажетті талай дүниенің тізімі тұр. Ал, сол тізімнің ең маңыздысы – мектеп формасы. Мектеп формасы сырттай қарағанда қарапайым ғана киім болып көрінуі мүмкін. Алайда, оның төркінінде тәртіп, баланың қауіпсіздігі мен жайлылығы, ата-ананың қаржылық мүмкіндігі, мектептің жауапкершілігі сияқты бірнеше мәселе тоғысады. 2026-2027 оқу жылы қарсаңында мектеп формасына қойылатын талаптарды білу ата-ана үшін маңызды. Биыл негізгі талаптар өзгеріссіз қалды. Демек, ата-анаға жыл сайын жаңа ереже іздеп, алаңдаудың қажеті жоқ. Қолданыстағы талаптардың ішінде көпшілік біле бермейтін маңызды тұстар бар. Міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар оны қолдануда бірізділікті қамтамасыз етуге, ата-аналардың оң көзқарасын қалыптастыруға және білім беру ұйымдарының жауапкершілігін арттыруға бағытталған. Яғни, мектеп формасының мақсаты – оқушыларды бірдей киіндірумен ғана шектелмейді. Ол білім беру ұйымындағы ортақ тәртіп пен іскерлік органы қалыптастырудың бір элементі саналады. Ұлдар мен қыздарға арналған мектеп формасы күнделікті, мерекелік және спорттық болып бөлінеді. Оны таңдауда білім алушылардың жас ерекшеліктері, климаттық жағдайлар, сабақ өтетін орын, оқу ғимаратындағы температуралық режим және қауіпсіздік талаптары ескеріледі. Мектеп формасының түсі мен үлгісі де белгілі бір талаптарға сай болуы керек. Киім классикалық стильге сәйкес келіп, бірыңғай түстер гаммасында орындалады, ал, түстердің шамадан тыс араласуына жол берілмейді. Ұлдарға арналған формада пиджак, жилет, шалбар, күнделікті және мерекелік жейде, трикотаж кофта, кардиган, поло жейде немесе тенниска сияқты киімдер қарастырылған. Қыздарға пиджак, жилет, белдемше, шалбар, классикалық блузка, кардиган, поло жейде немесе тенниска ұсынылады. Суық мезгілде климатқа қарай жилет, сарафан және водолазка секілді киімдерді пайдалануға болады. Шалбар еркін пішілген, тобықты жауып тұратындай болуы тиіс. Мұнда бір маңызды мәселе бар. Мектеп формасының нақты пішімін білім беру ұйымы өз бетінше ғана белгілемейді. Ол қамқоршылық кеңестің, ата-аналар комитетінің және мектептегі өзін-өзі басқару органдарының қатысуымен айқындалады. Қабылданған шешім жалпы мектептік ата-аналар жиналысының хаттамасымен бекітіледі. Егер кейін формаға қандай да бір өзгеріс енгізу қажет болса, бұл өзгерістер де аталған органдармен келісіліп қабылданады.

Ата-ана баласына форма сатып алмас бұрын мектепте бекітілген нақты талаптарды біліп алғаны жөн. Бұл әрі артық шығыннан сақтайды, әрі талапқа сәйкес келмейтін киім сатып алудың алдын алады. Оқу-ағарту вице-министрі Шынар Ақпарованың түсіндіруінше, мектеп формасына қойылатын талаптардың негізгі мақсаты – білім беру ұйымдарында ортақ тәртіпті қалыптастырумен қатар, оқушының қауіпсіздігі мен оқу жағдайына сәйкестігін қамтамасыз ету. Оның айтуын-

ша, ата-аналар форманы өздері таңдаған өндірушіден немесе сауда желісінен сатып ала алады, ал, мектептер белгілі бір өндірушіге басымдық бермеуі тиіс. Бұл ретте ең маңыздысы – форманың белгіленген талаптарға сай болуы, баланың жас ерекшелігі мен оқу жағдайына сәйкес келуі және қауіпсіздік нормаларын сақтауы.

– Мектепке дайындықтың ата-ана қалтасына салмақ түсіретіні жасырын емес. Бір балаға форма сатып алумен шектелмей, аяқ киім, сөмке, спорттық киім, кеңсе тауарлары секілді қажетті заттарды да алу керек. Бір отбасында бірнеше оқушы болса, шығын көлемі одан әрі артады. Осыны ескере отырып, әлеуметтік осал санаттағы



отбасылардың балаларына Жалпыға бірдей білім беру қоры аясында мемлекеттік қолдау көрсетіледі. Оның аясында мектеп формасын, аяқ киім мен мектепке қажетті оқу құралдарын сатып алуға көмек қарастырылған. 2026-2027 оқу жылы қарсаңында мұндай қолдаумен шамамен 450 мың баланы қамту жоспарланып отыр. Осы мақсатқа жергілікті бюджеттерден шамамен 23 млрд теңге қарастырылған. Бұл – қағаздағы ғана көрсеткіш емес, жаңа оқу жылына дайындық кезінде қаржылық қиындық көретін жүздеген мың бала мен олардың отбасы үшін нақты қолдау, – деді Шынар Ақпарова.

Қаламыздағы мектептердің ресми ақпараттарында 2026 жылы жалпыға бірдей білім беру қоры есебінен әлеуметтік көмек алушыларға 50 851 теңге көлемінде қаражат қарастырылғаны көрсетілген. Мектеп формасына қойылатын талаптардың ішінде баланың қауіпсіздігі мен денсаулығына қатысты нормалар да бар. Оқу жылы бойы оқушының үстінен түспейтін киімнің сапасы оның күнделікті жағдайына тікелей әсер етеді. Осы ретте мамандар ата-аналарға форма таңдағанда сыртқы үлгісіне ғана емес, оның санитариялық талаптарға сәйкестігіне де мән беруге кеңес береді.

– Мектеп формасын таңдағанда ата-ананың назары тек

бағаға түспеуі керек. Бала бұл киімді күн сайын бірнеше сағат бойы киеді. Сондықтан, оның денеге жайлылығы, қозғалысқа кедергі келтірмеуі, ауа райына сәйкестігі және матасының сапасы маңызды. Киім сатып аларда оның затбелгісіндегі матаның құрамына, өндірушісіне, өлшеміне және күтім жасау тәртібіне назар аударған жөн. Баланың денесіне тым тар немесе керісінше шамадан тыс кең киім сабақ кезінде жайсыздық тудыруы мүмкін. Бастауыш сынып оқушылары үшін бұл мәселеге мұқият қараған дұрыс, өйткені, олар сабақ арасында белсенді қозғалады. Қауіпсіздік мәселесі де назардан тыс қалмауы тиіс. Қолданыстағы талаптарға

сәйкес мектеп формасында жарақат келтіруі мүмкін фурнитура мен аксессуарлар болмауы керек, – деді Шахтинск қаласының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің міндетін атқарушы Гүлнар Жұмағұлова.

Жаңа оқу жылы басталды екен деп былтырғы форманы бірден шетке ысырудың да қажеті жоқ. Егер өткен жылы алынған киім баланың өлшеміне сай болса, түсі мен үлгісі мектеп талабына сәйкес келсе және сыртқы жағдайы жақсы сақталса, оны қайта пайдалануға болады. Балалардың тез өсетінін ескерсек, бұл отбасы бюджетіне түсетін салмақты азайтудың тиімді жолы. Алдымен үйдегі бар дүниені түгендеп, содан кейін ғана жетіспейтін заттарды алғаны дұрыс. Мектеп формасына қатысты тағы бір маңызды мәселе ата-ананың міндеті. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ата-аналар білім беру ұйымының жарғысында белгіленген қағидаларды және міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтауға міндетті. Демек, ата-ана мектептің бекіткен талаптарын алдын ала біліп, баласына сол талапқа сәйкес киім таңдауы қажет.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ «Ortalyq Qazaqstan».
Материалдар «Ortalyq Qazaqstan» сайтынан алынды.

(Соңы. Басы 1 - бетте).

өткізудің негізгі шарттарының бірі – агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін дизель отынымен уақтылы қамтамасыз ету.

Биыл Ауыл шаруашылығы министрлігі Энергетика министрлігімен бірлесіп, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне жанар-жағармай жеткізу кестесін қалыптастырды. 2026 жылы аграрлық секторға қарастырылған дизель отынының жалпы көлемі 803 мың тоннаны құрады. Оның 402 мың тоннасы көктемгі дала жұмыстарына, 401 мың тоннасы күзгі жұмыстарға бағытталды. Операторлардың (оның ішінде тасымалдау) шығындарын ескере отырып, негізгі астық егетін өңірлердегі ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері

үшін дизель отынының түпкілікті бағасы литріне 305–310 теңгені құрайды. Бұл нарықтағы бағадан 10%-ға төмен (ағымдағы жылдың тамыз айындағы жағдай бойынша жанармай құю стансаларындағы баға – 335–340 теңге/литр). Бүгінгі таңда дизель отынының 71 мың тоннасы тиелді.

Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін отынмен қамтамасыз ету мәселесі Үкіметтің тұрақты бақылауында. Егіс алқаптарын кеңейтудің орнына өнімділікті арттыру өсімнің негізгі факторына айналуға Ағымдағы егін жинау науқаны аграрлық сектордың неғұрлым өнімді модельге көшуін көрсетеді: онда өндіріс көлемінің өсуі ең алдымен тиімділік пен өнімділікті

арттыру есебінен қамтамасыз етіледі. Егіс құрылымындағы өзгерістер саланың технологиялық жаңаруымен қатар жүріп жатыр. Тыңайтқыштар мен сапалы тұқымдарды қолдану көлемі артып, ауыл шаруашылығы техникасы жаңартылып, су үнемдеу технологиялары енгізілуде.

Мемлекеттік қолдау өндірістік циклдің негізгі кезеңдерінің барлығын қамтиды – алдын ала қаржыландыру мен қажетті ресурстармен қамтамасыз етуден бастап, шаруашылықтарды жаңғыртуға және қажетті инфрақұрылымды дамытуға дейін. Үкімет қабылдап жатқан шаралардың жүйелілігі қол жеткізілген нәтижелерді бекітіп, агроөнеркәсіптік кешен өнімділігін

одан әрі арттыру үшін тұрақты негіз қалыптастыруға мүмкіндік береді. Алдағы жұмыс аграрлық сектордың өнімділігін арттыруға, заманауи технологияларды енгізуге, жер және су ресурстарын ұтымды пайдалануға, сондай-ақ шығындарды азайтып, ауыл шаруашылығы өндірісінің экономикалық тиімділігін арттыруға бағытталады. Бұл Мемлекет басшысының ішкі нарықты сапалы өніммен қамтамасыз етуге және Қазақстанның экспорттық әлеуетін кезең-кезеңімен арттыруға, бәсекеге қабілетті, технологиялық әрі орнықты агроөнеркәсіптік кешен қалыптастыру жөніндегі стратегиялық міндетіне сәйкес келеді.

Материалдар primeminister.kz сайтынан алынды.



Нақыпбек Садуақасов,
заңгер-құқықтанушы, публицист.

Нақыпбек Садуақасов — Ақтоғай өңірінің тумасы, белгілі заңгер-құқықтанушы, публицист және қоғам белсендісі.
Нақыпбек Садуақасов 100-ден астам публицистикалық және құқықтық ғылыми еңбектің, сондай-ақ бірнеше заң жобасының бірлескен авторы.
Ол Ақтоғай тарихы, ұлттық құндылықтар, тіл, жер-су атаулары, Алаш мұрасы жөнінде баспасөзде жиі қалам тербейді. 2026 жылы Әлихан Бөкейханның 160 жылдығына арналған елордадағы шараға да белгілі заңгер-публицист ретінде қатысқан.

Адал еңбекпен мал іздемең — ол арлы адамның ісі.
АБАЙ.

өзінен өзі Алланың қаһарына душар болады». Бұның бәрін Алланың шексіз де әділ құдіреттілігіне жатқызу дұрыс болар...

Жоғарғы оқу орнын бітірген соң, бірер айдан кейін, Жұмат Сәкіма есімді күлімкөз, жүзі жылы, толықсыған, шырайлы қызға үйленген. Осыдан кейін де Жұмат пен Нәсіпбек өте жақсы қарым-қатынаста болған. Тіпті Нәсіпбек мен Сәкіма әдебиет, мәдениет, өнер салаларын кең де терең қозғап, көңілдері хош күйде көп пікірлеседі екен. Шынайы достық қарым-қатынастарына бірде сызат түспей, көңілдеріне ешқандай кірбің орын алмаған болатын.

Көркем Алматының тұрғындарының елең-алаң болатын бір себеп ертеден орын алып келетіні аян. Ол қалада әлде-жәлде білінетін жер сілкінісі және одан туындайтын қауіп. Жұрт арасы қатты

бір қаласынан заттар сатып алып келуге дайындалды. Ол Нәсіпбектен қарызға ақша сұрады. Нәсіпбек достарынан несін аясын, банкіде сақталып жатқан барлық ақшасының көлемін құраған 25 мың теңгені сөзге келмей Сәкімаға алып берді. Ол кезде бұл мөлшердегі ақшаның құны өте жоғары болатын. Сәкіма шет елден тартымды қымбат заттар әкеліп, жұртқа сатты. Үш ай шамасы өткеннен кейін Нәсіпбекке ақша қажет болып, ол Сәкімадан қарыз берген ақшасын сұрайды. «Қайдағы ақша? Мен саған қарыз емеспін» — дейді Сәкіма. Нәсіпбек не айтарын білмей, Сәкіманың осынша ақымақ қылып тұрғаны жанына батып, қатты кейіп, досының үйінен үн-түнсіз шығып кетеді. Сонымен олармен қарым-

Пайдакүнем Сәкіма

Болған оқиға. Кейіпкерлердің есімдері өзгертілген.

Өмірде шексіз-шетсіз ой-қиялдан туындайтын шым-шытырық әсірелеп баяндалатын оқиғалардан да асып түсетін, жай-жапсары тосын, шытырман оқиғалы, түпкі астары тәлімді, адам сенгісіз хикаяттар орын алады екен. Соның бірін шындыққа сай, алып-қоспай баяндайық... Нәсіпбек мен Жұмат (бұл әңгіменің кейіпкерлерінің есімдері өзгертілген) Алматыдағы Қазақ мемлекеттік университетінің бір факультетін бітіріп, бір ғылыми институтта бірге істеп, етене жақсы дос болып кеткен. Жұматтың бойына біткен табиғи адами қасиеттері мол еді: би-язы мінезді, өте қарапайым, қимылы баяу, достыққа берік, жолдасқа серік адал азамат. Оның өне бойынан, ізгілікті ойынан, жайбарақат жүріс-тұрысынан ылғи да кішіпейілділік пен ізеттілік байқалып тұратын. Жан дүниесі табиғи, болмысы жасандылық пен арам қулықтан ада еді. Институттың қатардағы қызметкерлерімен қоса, елге белгілі ғалымдар да Жұматты жақсы көретін еді. Оны Нәсіпбек де іштей шынайы құрмет тұтып, қашанда оған адал болатын. Жұматтың да Нәсіпбекке деген сезімі сондай еді. Досының үлкенді-кіші жетістігіне Жұмат шынайы пейілімен қуанатын. Ол әрқилы күлкілі әңгімелерді майын тамызып, тамаша айтатын. Достары ішек-сілелелері қатып күлетін, ал ол өзі сабырлы кейпінде қала отыра, сәл езу де тартпайтын.

Бірде екі дос қала көшесінде келе жатқанда, Нәсіпбек: — Қазір мына үйдің бұрышынан пәлен адам шығады-деген екен. Айтқанындай, сәлден соң, екі достың алдынан дәл сол адам шыға келеді. Жұмат таң-тамаша болып: — Әй, Нәке, көрікпел қасиетің бар-ау сенің — депті. Осындай таңдай қақтырар басқа да мысалдар оның есінде болғандықтан, сол тұжырымды ол көперінде берік сақтапты. Осы орайда Нәсіпбек өмірінде айта кетер мынадай жайттар орын алған.

Бірде, Нәсіпбек 25-тен асқан шағында ауруханаға түсіп, емделіп жатқан кезінде, бір салықшы ақсақал оған мейірімді көзімен қарап тұра: —Балам, сенің бойыңда бір құдірет бар — деген екен. Осының сырын анықтап сұрамағанына Нәсіпбек кейін өкінген еді. Кейіндері ол бір тәуіптің алдына барып: — Маған бал ашып беріңізші-деген өтінішіне, тәуіп: — Қарағым, сенің бойыңа қасиетті кие қонған, дұрыс алып-жүруге тырыс. Туған-туыс, жора-жолдастарыңның алдында қадірің бар. Өзіңе қарсы қандай да болмасын пенде арам пиғыл ойласа, немесе қатты ренжітсе, назалансаң да, оны қарғама. Дұшпаның

жер сілкінісі «әні болады, міні болады» деген алыпқашты қауесет сөздер бірде үдеп, бірде басылатын. Біреулер қатты үрейленіп, ал біреулер оған аса мән бермейтін. Ал Сәкіма болса өте әсерлі үрей сезінетін сейсмофобтардың қатарына кіретін. Жер сілкінісі қауіпінен «зәре-құты қашып», өте қатты қорқатын. «Сенімді» деген адамдардан естіген «міні келеді» деген қауіпті ести сала, ол үстіне қымбат шубасын жамыла, бар ақшасын қойнына тығып, алтыннан жасалған бұйымдарын бойына жиып: мойнына алқа, саусақтарына сақиналар, құлақтарына сырғаларын тағып, сол болады-мыс деген апатты, жүрегі аттай тулап, үрейлі күйде күтумен болатын. Иә, үрей адамның берекесін қашыратыны анық. Сәл сабырлық танытсаңыз, аталмыш бикештің бұл осал тұсы әңгіменің бір өте әсерлі көрінісімен байланысты екеніне көзіңіз жетеді.

Біздің өміріміз қоғамдық тарихи ортамен біте қайнасып жататыны анық. Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы Жоғарғы Кеңесі 1990 жылы 25 қазанда республикамыздың мемлекеттік егемендігі туралы Декларация қабылдады. Бұл халықаралық маңызы үлкен, құзыреті аса зор құжат еді. 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі жарияланды. Осылардың бәріне қуанышымызда шек болмады.

Бірақ елімізде нарықтық экономика етек жая бастаған алғашқы жылдары халықтың әлеуметтік жағдайы ауыр болғаны аян. Жұмыссыздық, ақшаның тапшылығы және тағысын тағы қиындықтарды қалың жұрт басынан өткерді. Жұрттың көпшілігі сауда-саттыққа көшіп, алыс-жақын шет елдерден әрқилы заттар әкеліп, соларды сатып, жағдайларын түзетіп жатқан кезең болатын. Жаппай сауда-саттыққа ұрынған жұрттың ниеті де бұзыла бастады. Ой жүгіртсеңіз, саудада шынайы әділдік орын ала қоймайды: сатушы затын қымбатқа сатуға тырысады, ал сатып алушы арзанға алуға ден қояды. Ал, іргесі тарқап, құлдырап кеткен Кеңес заманының заңы бойынша қандай да болмасын заттарды мемлекет нақтылап бекітіп берген бағасынан тыс жоғары бағаға сату қылмыс деп танылатын. Ол заманды алмастырған нарықтық кезеңде ақша табудың құйтырқы тәсілдеріне көшкен алаяқтар да қаптады. Сонымен, Қазақстанның тәуелсіз Ел, Егемен мемлекет ретінде қадам басып, нарықтық экономика күш алып келе жатқанына 4 жылдай уақыт өткен кез болатын.

Сәкіма да бір топ саудагерлермен бірігіп, Иранның

қатынасты үзеді. Жұмат әйелінен аса алмай, үнсіз қалады. «Досыңнан айырылғың келсе, оған қарызға ақша бер» деген нақылды Нәсіпбек біле тұра, оның мәнін түсінсе де, өмірде ондай жағдайдың болатынына сенбейтін. «Ақша ара-қатынасты бұзады» деген де ауызекі қайталанатын қанатты сөзді де сан мәрте естіген. Кім де болсын, жалғанның қырсығы мандайына тимей, ақиқатты түсіне қоя ма?! Қимас досыңның жарына қалайша қарыз бермейсің?! Қиналған досыңа қолдау жасау, қол үшін беру қашанда парыз емес пе?! Иә, басым көпшілігіміздің түсінігіміз осындай...

Жаздың бір шуақты күні, жұмыс аяғы Нәсіпбек қалташадағы бір бөлше қара нанды қолтығына қысып 2-ші Самал ықшам ауданындағы пәтеріне беттеп бара жатқанда, жанына қымбат «Мерседес» автокөлігі тоқтайды. Бұл, сол кезде бизнестен дәуірі жүріп тұрған Сәкіманың бір күйеубаласының көлігі болатын (кейбір пенделердің аяқасты байып, болып-толғаны кеудесін керіп, ішіне сыймай, соны жұртқа көрсетуге асығып, мақтанатыны болады). Көліктің ішінен шыға сала, ашуға булыққан Сәкіма: — Әй, Нәсіпбек, сен не өзіңше маған қыр көрсетіп, мені қорқытып, қырып алам деп жүрсің бе? Мен сенен ешқашан қорықпаймын, қолыңнан келгенін, аспаннан тастап жібергенінді көріп алдым, — деп, тағысын тағыларды түйдектете айтып, көлігіне қайта мініп, өзінің үстемдік қылығына сүйсіне рахаттанғандай күй кешіп, үйіне беттейді. Ол көлігімен көршілес үйдегі пәтеріне ертерек жеткен болуы керек.

Е, Алла тағала қашанда ақ жағында, оның құдірет күші мен әділдігі шексіз ғой, біреудің қақысын жеп, жөнсіз асып-тасып, асқақтап кеткен пенденің «тәубәсін» әп сәтте аузына алдырады! Ал Нәсіпбек болса жаяулап, пәтерінің табалдырығын аттағаны сол-ақ еді, аяқ асты бүкіл жер солқ-солқ етіп, оншақты секунд бойы сілкінеді. Төбедегі люстралар шайқалып, шынылары безектей шылдырлап қоя берді. Жер сілкінісінің пәрмені 4 балға жуық болуы керек. Жердің толқуы бәсеңдеп, шыны бұйымдардың шылдыры басылысымен, телефон шылдыр етеді. Нәсіпбек трубканы көтерсе, күнделікті баяу мінезді, сөзі созымды Жұмат асыға-аптыға, жалынышты дауыспен: — Нәке, өтініміз, райдан қайт, сен Сәкімаға ренжіме, айып етпе, ашуыңды тарқат, назаланба, ағаттық кеткеніне біз кешірім сұраймыз, — дегендерді айта жөнеледі. Ия, жағдай айдан анық, түсінікті болды. Сәкіма Алла тағаланың оны жазалаудың ең жанына бататынын түрін қолданғанын лезде түсінді. Жер сілкінгенде Сәкіманың есі шығып, кірерге (Жалғасы 5-бетте).

(Соңы. Басы 4 - бетте).

тесік таба алмаған. Үрей тұла бойын құрсауша қысқан. Ол Нәсіпбекке қарсы ағаттық жібергенін, Алла осы апатқа жақын ғаламат жойқын пәрмені бар құбылысты жібергеніне көзі жетіп, күйеуі Жұматқа: – Ойбай, тез, досың Нәсіпбекке қоңырау шал, кешірім сұра, – деп тапсырады. Басымызға тағы қандай қауіп-қатер төніп тұрғаны беймәлім, сондықтан кешірім сұрап, қауіп-қатердің алдын алайық, – деген ойда болады.

Осы таңғажайып ғаламат оқиғадан кейін, Сәкиманың ішін үрей билеп, мазасы кете берген соң, қалың жұрттың ауызын іліккен белгілі бір тәуіпке барып, бал аштырады. Тәуіп: – Сіз бір адамды ретсіз қатты ренжітіпсіз. Оның көңілін аулау үшін базардан денесінде алақандай да ақтаңдағы жоқ қап-қара қойды сатып алып, ырымдап сойып, сол сізге өкіелі кісіңізге арнап дастарқан жайып, барынша ілтипатпен дәм ұсыныңыз – деген ақыл береді. Нанбасқа лажы жоқ, тәуіптің айтқан сөзі болған жәйтті оның өзі көргендей сайрап тұр. Көп ұзамай Сәкиманың тапсырмасымен Жұмат Нәсіпбек досын қонаққа шақырады. Бірақ өкпесі тарқамаған Нәсіпбек әйелі Гүлзияға шақыруды қабылдамайтынын, қонаққа бармайтынын айтады.

Көбіне әйел заты кешірімді, көтерімді келеді ғой, ол: – Жарайды Нәке, райдан қайта ғой. Пенде кінәсін мойындап, «алдыға келсе, атаңның құнын кеш», «кең болсаң, кем болмайсың» демей ме атам қазақ. Досың дәмге шақырып отыр ғой, дастарханды сыйлайық, шаңырақтарына барайық, бір жолы оларды кешіруге тырыс – деп, Нәсіпбекті көндіреді.

Дәм үсті, одан кейіндері де, қарызға алынған ақша туралы сөз қозғалмады. Қарызға алынған ақша қайтарылып берілмеді. Сөйтсе де, қарым-қатынас бұрынғыдай болғандай. Бірақ, шынында да солай бола қоя ма? Қайдам... Дәм үсті кінәлі пенде кешірім сұрамаса, берешек зат орнына келмесе, көңілдің түбінде реніштің сарқыншағы қалады емес пе?! Иә, қалады ғой... Алланың көзі қырағы, билігі әділ екеніне Сәкиманың көзі жететіндей тағы да үш рет мүмкіндік болған... Бірақ, сол мүмкіндіктерден Сәкима қорытынды шығарып, шындыққа бас иді ме екен? Жоққа ұқсайды. Ақшаға байланысты осы үш жәйттің көріністерін көз алдымызға әкелейік.

...Бірде Сәкиманың өтініші бойынша Нәсіпбек өзінің автокөлігімен Алматының Көк базарына бармақшы болып, келіседі. Көлікке денесі толықтау Сәкима алдыңғы орынға отырады. Гүлзия мен Жұматтың інісінің қызы Гүлдей артқы орынға отырып, төртеуі базарға тартады. Базардың маңайына жете, көлікті Нәсіпбек трамвай жүретін Мақатаев көшесіне тоқтатады. Сәкима мен Гүлдей екеуі көліктен түсіп, базарға қарай беттейді. Нәсіпбек мен

Гүлзия көліктің есіктерін жауып, артқы багажниктен сөмкелерін алып, сәл бөгеліңкіреп барып, олардың соңына ереді. Бір кезде Сәкима, Гүлдей соңында, қарсы жүгіре басып Нәсіпбек пен Гүлзияның алдынан шығады. Өте абыржыған кейпі анадайдан көрінеді. – Не болды? – деген сұраққа, Сәкима: – Ақша жоғалттым – дейді, жыларман болып. – Ойбай-ау, қайда, қалай? – Білмеймін. Олар асыға-үсіге, машинаның жанына барып, маңайын қарайды. Жолда бір полиция қызметкері кезігіп, олардың әбіржіген түрлерін көріп: – Не болды? – деп сұрайды. – Жолда ақша көрген жоқсыз ба? – деді Гүлзия. Ол бір мырс етіп: – Тәтей, сіз де қызық екенсіз, «ақша көрдім» деп кім айтады? – дей сала, өз жөнімен кете барады. Сөйтіп базаршылар жедел ақша іздеуге кіріседі.

Бәрі автокөліктің есіктерін ашып, ішінің, асты-үстінің бәрін қарап шығады: ақша жоқ. Тіпті ақшаның иісі де жоқ. Күйініш басылғаннан кейін, ақшаның жәйі туралы Сәкима мынадай әңгіме таркатады. Оның айтысы бойынша, ол төңіртең асығып, жұмысқа барарда жуулы тұрған Жұматтың ішектей созылып, тартылып қалған бір шұлығын сөмкесіне салады. Бір ойы болғандықтан бір түйреуішті де бірге ала кеткен.

Көлікке отырғанда, ақшасын сенімді жерге орналастыру үшін өзінің юбкасының алдыңғы ішкі жағына түйреуішпен Жұматтың қысқа шұлығын қадайды да, ақшаны соның ішіне салған болады. Сөйтіп ақшаны өте қауіпсіз жерге орналастырдым деп ойлаған. Оны тиімді жұмсауды жоспарлап, көңілі орнығып, базарға да жетеді, бірақ сауда жасайын десе, ақша шұлыққа қалташада жоқ. Шамасы жуғанда ауызы тарылып шұбатылған шұлыққа ақша дұрыс түспеген болуы керек, оны Сәкима байқамаған.

Ол көліктен шығып, тротуармен жүре бергенде, төртке бүктеліп жұмырланған ақша жылп етіп сырғып, тротуардағы асфальтқа топ ете түскен. Ақша ерсілі-қарсылы жөңкілген жұрттың біреуінің көзіне түссе керек: олжаны еңкейіп ала салған. Кешкі базарда жеміс-жидек арзанға түседі деген оймен шыққан Сәкиманың елпілдеген көңілі су сепкендей басылды. «Қаз ашуын тырнадан алады» демекші, сол жерде Сәкима Гүлдейді жерден алып жерге салды: – Бәріне кінәлі сен, егер сен көліктің алдына отырғанда бұндай болмас еді.

Мен Нәсіпбектен ыңғайсызданып ақшаны юбкадағы шұлыққа дұрыс сала алмадым – дегендерді айта, ол ашуға булықты. Әрине бұл жерде Сәкиманың қылығы дұрыс емес еді, өйткені алдыңғы орынды өзі қалап, өзі жайғасқан болатын.

Тағы да Сәкиманың өтініші бойынша Алматының шетіндегі базарлар жайғасқан белгілі «барахолқаға» жол түсті. Құрамы сол баяғы Сәкима, Гүлдей, Гүлзия. Өзінің автокөлігінің рөлінде Нәсіпбек. Базарға келген соң, біріне-бірі кедергі болмас үшін, әркім өз за-

тын іздеуге бағытталып, пәлен уақытта пәлен жерде кездесуге уәделесіп, олар жан-жаққа тарасады. Сәкиманың айтуы бойынша басты іздеген заттары Гүлдейге сырт киім. Күн суытып кеткен кез, ол баланың ата-анасы ауылда тұрады, балалы-шағалы, әпере қоятын жағдайлары жоқ болса керек.

Оның үстіне Гүлдейдің Жұмат-Сәкима отбасы шаурауына жасаған еңбегі бір емес, бірнеше курткаға татитындай еді. Заттар қатарларын қарап келе жатқан Нәсіпбек мен Гүлзия Сәкиманы ұшыратады. Ол тағы да абыржып, ашуға басып тұрады. – Ойпырмай, не болды? – деген сұраққа, Сәкима: – Тағы да ақша жоғалттым-дейді, кейіген түрде. – Бұл қалай, сен-ақ ақша жоғалта береді екенсің? Сәкиманың айтысына қарағанда, қатарда зат көріп тұрады, артында екінші қатардағылар тұрады. Ол бұл жолы ақшасын қолғабына салып, оның мойнынан қысып ұстап тұрады.

Сөйтсе сырт жағынан біреу қас-қағымда, ақшалы қолғапты жұлып алады. Сәкима жылдам бұрылып қараса, артындағы жас жігіттер да зат қарап тұрған екен. – Қайсысың ақшамды алдың, қайтарындар? – деп баж етеді. – Апай, қайдағы ақша? Біз алған жоқпыз, бәле жаппаңыз, біз де сіздей зат қарап тұрмыз, – дейді олар. Сонымен, Сәкиманың жүйкесін тағы да жоғалтқан ақша жұқартты.

Оған тағы да Гүлдей кінәлі болып шыға келеді. – Сенің жолың ауыр, сенімен жүрсем қашанда бір қырсыққа кезігемін – деп Сәкима Гүлдейге дүрсе қоя берді. Құдайдың құдіреті, міне, тағы да осы оқиғаның куәсі Нәсіпбек болды.

Кейін бір кездескенде, Сәкима, өзіне тиер сөзді білмей, базарда үшінші рет ақша ұрлатып алғанын Нәсіпбек мен Гүлзияға жырғып айтқан. Оның өзінің айтуы бойынша, үйде осыған реніш білдіріп отырғанын көрген Тайка есімді студент туыс Сәкима тәте, несіне уайымдайсыз, бұл енді сізге үйреншікті жәйт емес пе?! – депті. Сәкима ауыр күрсініп, сөз қайтаруға, келіспеуге лажы болмапты.

Халық: «Қарыздың жолы ауыр» – демей ме? «Қарыз күліп барып, жылап қайтады» деген сөз де ел аузында. Аталған хикаятқа сай, қарыз «жылап та» қайтпаған. Қайтпаған соң, Алла берешекті аталғандай үш рет жазалаған. Ал, Сәкима жоғалтқан дүниелердің Нәсіпбектің көзі көрмегені қаншама екен? Ал оның жоғалтқан дүниелерінің ішінде ең қымбаты достық емес пе еді?! Ол оны түсінді ме екен? Сондықтан, кімге болсын: «Адал еңбектің көзін тапқан – байлықтың өзін табады», «Адал іс істесең, адал боп өсесің», «Кісі ақысын жеу – ауыр күнәнің бірі» – деген ата-бабамыздан қалған нақылды естен шығармаған жөн.

Хабарландыру

«Балқаш жібек жолы» ЖШС 2026 жылғы 01 қыркүйектен бастап 14 қыркүйекке дейін «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімімен «Қарағанды облысы Ақтоғай ауданындағы Солтүстік Бала-Дересин кен орнының №1 учаскесінің құм-қиыршық тас қоспасын өндіру жөніндегі операциялардың салдарын жою жоспары және шамамен құнын есептеу (түзету)» жобасы бойынша қоғамдық талқылаулар түрінде жария талқылау өткізеді.

Әсер ету аумағы: Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ортадересин с.о., Ортадересин ауылы.

Учаскенің географиялық координаттары: 46°49'50,81"с.е. 75°09'47,46"ш.б;

Ескертулер мен ұсыныстар білдіру үшін жобалық құжаттама пакетімен <https://hearings.ndbecology.gov.kz/Disscusion/DisPublic> «Қоршаған орта және табиғи ресурстардың жайкүйі туралы ұлттық деректер банкі» порталындағы «Жарияланған жария талқылаулар» бөлімінен танысуға болады.

Тапсырыс берушінің реквизиттері: «Балқаш жібек жолы» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Балқаш қаласы, Амангелді көшесі, 29 үй Тел: 8 (71036)-4-87-74, эл.пошта: balkhash.zhbek@bk.ru БСН 030340004078, Директор – Тусунбеков М.И.

Әзірлеушінің реквизиттері: ЖК "ПроЭкоКонсалт", ҚР, Қарағанды қ., Н.Назарбаев қ, 4-үй, (BULVAR БО), 104-оф, өкілі: Обжорина Т.Н., Байланыс телефондары: тел.8 (776) 526-31-31, электрондық поштасы: tanya_ob80@mail.ru

Жергілікті атқарушы орган – «Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» » ММ, Қарағанды облысы, Қарағанды қ, Лободы көшесі 20, тел. +7 (7212) 56–41–27, e-mail: expertiza.upr_krg@mail.ru

Объявление

ТОО «Балхаш Жибек жолы» проводит общественные слушания в форме публичных обсуждений с 01 сентября по 14 сентября 2026 года «План ликвидации последствий операций по добыче песчано-гравийной смеси участка №1 месторождения Бала-Дересин Северный в Актогайском районе Карагандинской области и расчет приблизительной стоимости (корректировка)» по проекту Раздел «Охрана окружающей среды».

Территория воздействия: Карагандинская область, Актогайский район, Ортадересинский с.о., с. Ортадересин.

Географические координаты участка: 1) 46°49'50,81»С; 75°09'47,46»В.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на портале «Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов» <https://hearings.ndbecology.gov.kz/Disscusion/DisPublic> в разделе «Опубликованные публичные обсуждения» для предоставления замечаний и предложений.

Реквизиты заказчика: ТОО «Балқаш жібек жолы», РК, Карагандинская область, город Балхаш, ул. Амангелди, 29 Тел: 8 (71036)-4-87-74, эл.пошта: balkhash.zhbek@bk.ru БИН 030340004078, Директор – Тусунбеков М.И

Реквизиты разработчика: ИП «ПроЭкоКонсалт», РК, г.Караганда, пр.Н.Назарбаева, 4 (БЦ BULVAR), оф.104, руководитель: Обжорина Т.Н Тел: 8(776) 526-31-31, e-mail: tanya_ob80@mail.ru

Местный исполнительный орган – «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области», Карагандинская область, город Караганды, ул. Лободы, 20, тел. +7 (7212) 56–41–27, e-mail: expertiza.upr_krg@mail.ru



Сайлау БАЙБОСЫН,
Павлодар облыстық «Ақбеттау»
журналының редакторы. ҚР Енбек
сіңірген мәдениет қызметкері, ЖО
Жүсіпбек Аймауытов атындағы
сыйлығының иегері, Баянауыл
және Ерейментау аудандарының
Құрметті азаматы.

Жуырда бір топ адам: ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері ақын Светқали Нұржан, техника ғылымдарының докторы Саят Ыбырай, тағы да біраз адамдар Ақтоғай жерін аралап едік. Сол сапардан осы бір топтама өлеңдер туған.

Осы бір жолдың таусылмас тарих,
сыры бар.
Осы бір жолмен сонау бір зұлмат
заманда,
Аспанға кеткен Әлихан сынды ұлылар!

Ауыл таңы

Асқарлардың биігін күн аймалап,
Ақ сәулеге бөленді шырайлы алап.
Былай қарап, көремін бір биікті,
Бір сенгірді көремін – былай қарап!

Әулиетау, әнекей, аясы орман,
Қалың тоғай – тосады саясы алдан.
Осыншама суретті Жаратушы,
Неге әкеліп бұл жерге қоя салған?!

Кімнің жұрты, бұл әлем, ненің елі?
Тарам-тарам таулы алап төңірегі.
Ұйқысынан оянып, күн астында,
Шабанбайдың ауылы керіледі!

Тарих қалған солардан қордаланып.
Бегазыда бір кезде бесік тербеп,
Босағалы бір жұрттың болғаны анық.
Бұл даланың қоныс боп төсі, белі,
Болғаны анық бір жұрттың несібелі.
Желі байлап жайлауда, көген тартып,
Күрең белге түзейтін көшін елі.
Жұрты осында жоғалған қауымды
елдің,
Ізі көрдім тасынан, бәрін көрдім.
Мелшиеді бабал тас маған қарап,
Сырын бүгіп ішіне дәуірлердің.
Хақ-Тағалам – төбемде, көкте – ғалам,
Құзырында өзіңнің – өтпе заман.
Баласымын бір жұрттың деп ойладым,
Бегазыдан бүгінгі жеткен аман!

Ақсораңнан бара жатыр күн асып...

(Светқали Нұржанға)

Ей, Светқали бауырым!



Қорым іші бір сәтке жұмақтанып,
Бар дүние айнала шырақ тағып.
Күрсінгенін көк тастың түсініп ап,
Тылсымменен отырсаң сыр ақтарып...
... кім ұғар дейсің бірақ бұны...

Дала – Тарих

(Төлеужан Ахметбеков ағаға)

Қазынасы секілді саналы ұлдың,
Түсінгенге бір кітап – дала бұл күн.
Төбе болып, тау болып, өзен болып,

Ақтоғай дәптері

Ақтоғай, енді түсіндім...

Ақтоғай, саған асық боп келіп,
Ғашық боп кеттім, не керек.
Ақындарындай тасып-төккелі,
Өзінді жырлап керемет!
Ақсораң ба анау, тұра қап түзде,
Қол созған аспан бұлтына?
Тастаған бабам мұралап бізге,
Айбар қып ел мен жұртына!
Биіктен-биік асқақтап алда,
Кеземін ғажап тау ішін,
Аспаның анау сақтап қалған ба,
Манарбектердің дауысын?!
Өткеннің көне сағынсам бәрін,
Айналып саған келем бе?
Әлихандардың, Әлімхандардың,
Рухы айналып төбемде!
Әсеттей анау – тұғырлыларың,
Жалғаған көкте жұлдызға ән.
Не қасиетің бар, ұлыңның бәрін,
Өнерпаз қылып туғызған?!
Дәуітәлідей саңлақтарың,
Аламандардан дара кеп...
Мақсат пен Серік, Бағдаттарың,
Шетінен тұлпар қаракөк!
Ұшқынды үрлеп шоқ қылатұғын,
Әулие-абыз пішіндім,
Таланттың сенде көп туатынын,
Ақтоғай, енді түсіндім!

Қызылараы

Қызылараыдың шағылып күнге бүйірі,
Ғаламат әлем, тасы да, тауы не түрлі.
Динозаврлардың жайылып жүрген
бүйірі,
Бір сәтте қатып, тас болып қалған
секілді!

Бедерлі құздар – бұлттарға басы тиіп
бір,
Қыналы жартас – басынан қыран
аспайтын.
Алапат осы төсінен қалың биіктің,

Бір ғана жол бар – аспанға қарай
бастайтын!

Осы бір жолдың тарихын, сірә, кім ұғар,

Ақсораңнан күн асып, елең-алаң,
Оянады қалың тау, көне ғалам.
Ақтоғайдың осынау таңын көрсін,
Ұлылықты түсінем деген адам!

Киелі өлке, көк күмбез кесенелер...
Көз алдыңнан көп сурет көше берер.
... Ақтоғайдың таңын көр, ей, бауырым,
Сұлулықты түсінем десең егер!

Бір түп ағаш

*Талдыбейіттегі қорымда құшақ
жетпес жалғыз бәйтерек тұр. Әкесі
қайтыс болғаннан кейін, Әлихан ба-
бамыз Бразилия жерінде өсетін осы
ағаштың тұқымын Ресейден арнайы
әкеліп отырғызған екен.*

... Нәпсісімен өзінің құлқына мас,
Бақ берем деп ұмтылдың жұртыңа –
алаш.

Жұртың алаш өзінді түсінді ме,
Біреу үшін сүйегі сырқырамас?!

Сол баяғы қалың ел, жұртың – алаш,
Әлі де сол тойғаны, құлқына мас.
«Ұлы» деген біреуге үміт артсаң,
Боп шығады кейіннен ұлтына қас...

Сол баяғы, Әлеке, жұртың алаш,
Бір күн дұрыс қылығы, бір күн оғаш.
Сол алашқа қалдырдың белгі қылып,
Талдыбейітте осынау бір түп ағаш!

Жекежал мен Желтаудың атырабы,
Өзің басқан өлкенің топырағы.
Жете алмаған арманың, мақсаттарың,
Бағыт сілтеп жұртыңа жатыр әлі.
... Осы айтып жалғыз түп бәйтеректің,
Сыбырлайды біздерге жапырағы..!

Бегазы-Дәндібай кешені

Қатар оба, қорған тас – көне тіпті,
Алдымыздан сан аңыз өре шықты.
... Күміс кісе, көн садақ, нәл етікті,
Ғұн өтіпті, бұл жерден Сақ өтіпті!
Ошақ жаққан, от көсеп, ордаланып...

Бетімізді бұрар тірлік қай жаққа,
Бұл пәниге келдік пе екен бекер біз?
Ақсораңнан асқан күндей бейуақта,
Қош деп бір күн кетерміз..!
Арқалаған батпан-батпан күнәмен,
Өмір жайлы...

жоқ айтатын әңгімем.
Дегенменен, біз секілді аңқауы мол
бір әлем,
Қайтсе-дағы бар білем!

Ол қайда екен деп іздейсің шарқұрып.
Келер-ау деп күн күткен.
Абайлардан қалып қойған артылып,
Бос әуре ме жоқты іздеген тірліктен?!

Бес күн жалған — дүниеге келгеміз,
Алыпқашпа сөзін айтсын ел мейлі.
Өлеңіне ғана сенген пенденіз,
Өлеріне ешқашанда сенбейді!

Ғапыл ғұмыр, біледі оның кім артын?
Өтіп жатыр күңіңе күн ұласып.
Қарашы, әне, құйрығы жез, түгі алтын,
Ақсораңнан бара жатыр күн асып..!

Саят Ыбыраевқа (экспромт)

... Жон арқасын көк күмбез – күнге
беріп,
Ескі қорым қарайды іргеленіп.
Ескі қорым қарайды іргеленіп,
Есім кетер жүрсем де күнде көріп!

Құлпытасын құмартып Күн жалаған,
Көне мазар, көк күмбез – тұрған аман.
Құндамаған бағасын замандарға,
Құндылығын ешқашан бұлдамаған.

Дәуір, дәуір, дәуірлер – дүбірлескен,
Тарихат боп бүгінге сырың көшкен...
Қолым жайсам, бірге айтып салауатын,
Періштелер төбемде күбірлескен!

Кімде - өкініш,
кімде - арман,
кімде - мұрат,
... Сәске түсте төбеден Күн де құлап.
Бесін ауған мезетте, есім ауып,
Мен де отырам солармен бірге жылап!

Тарих жатыр астында табаныңның!

Батысыма қарасам, шығысыма,
Ырыс қосқан сол екен ырысыма.
Ұлы дала осынау, ұлан аймақ,
Пана болған бір кезде ұлысыма!

Бөлек тігіп боз орда-керегені,
Бабам өткен бір кезде белең еді.
Тіл бітсе егер ана көл не дер еді?
Тіл бітке егер ана бел не дер еді?

Қырға шықсаң бетінді самал өпкен,
Ғажап еді осынау дала неткен!
Атам қонған ана бел ақ селеулі,
Ана қырдан көшімен бабам өткен!

Тарихым бар, тарихтың жалғасы бар,
Көз саламыз өткеннің таңбасына әр.
Ана жерден асалы әулие өткен,
Жүректе – иман, аузында Алласы бар!

Басқа төніп бір кезде қаралы аспан,
Ана белден аттандап бабам асқан.
Ана көлден азанда ат суарып,
Ана жерде жауымен жағаласқан!

Жалғастырып замана-көш араны,
Талай жақсы жайлаған осы араны.
Ана ауылдан әжеміз келін боп кеп,
Ана ауылда аттаған босағаны!

...Кетті бәрі сонан соң оралмасқа,
Қоғам басқа, бүгінде заман басқа.
Біздер енді осыны іздемесек,
Мәңгілікке барлығы жоғалмас па?

Деп ойлайсың оңаша мұң қамалап,
Мұң қамалап, таба алмай бір қанағат.
Іздейтұғын біреулер бола ма деп,
Дала-Тарих біздерге тұр ма қарап..?

Дала-Тарих – мұрасы ол бабаның,
Жәгерім, қастерлім, қолда барым.
...Перзентсіз сіз-дағы – сол даланың!
Перзентімін мен-дағы – сол даланың!



Тишжан Доскеев

Ауданымыздың ардақты азаматы, денсаулық сақтау саласының құрметті дәрігері Доскеев Тишжан ағамыз 84 жасқа қараған шағында дүниеден озды.

Доскеев Тишжан ауданымыздың санитарлық-эпидемиологиялық саласына өзіндік үлес қосқан, халық денсаулығын қорғау жолында қажырлы еңбек еткен айтулы дәрігер еді. Еңбек жолын 1970 жылы Ақтоғай аудандық санитарлық-эпидемиологиялық станциясында маман болып бастап, кейін бас санитарлық дәрігер қызметін атқарды.

Санитария және халық денсаулығын сақтау саласында ұзақ жылдар бойы абыройлы еңбек етіп, аудан тұрғындарының денсаулығын қорғау ісіне елеулі үлес қосты. Өз ісіне жауапкершілікпен қарап, кәсіби білімі мен мол тәжірибесін ел игілігіне арнады.

Доскеев Тишжан елге сыйлы, еңбекті қадірлеген, өз ісіне адал, кейінгі ұрпаққа өнеге боларлық азамат еді. Оның өмір жолы – туған жерге адал қызмет етудің жарқын үлгісі.

Құрметті дәрігердің жарқын бейнесі оны білетін барша жанның жүрегінде мәңгі сақталады.

Доскеев Тишжанның ғибратты өмірі мен ерен еңбегі кейінгі ұрпаққа үлгі болып, оның рухы әрқашан біздің жүрегімізде жасай бермек.

**А.Аманжолов, Р.Әбеуов, А.Капашев,
А.Куанышбаев, А.Дардаков,
Б.Әміргасым, С.Ошақбаев, П.Темірбек,
Д.Қаура, С.Сыздықов, Ж.Шарбеков,
Қ.Абдрахманова, Е.Керімбай,
Б.Шажалиев, Е.Шарбеков,
З.Битанова.**



Тишжан Доскеев

Ауданымыздың ардақты азаматы, денсаулық сақтау саласының құрметті ардагері, санитариялық қызмет саласында ұзақ жылдар бойы абыройлы еңбек еткен Доскеев Тишжанның 84 жасқа қараған шағында дүниеден озуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына, жақындарына қайғырып көңіл айтамыз.

Тишжан Доскеев саналы ғұмырын халық денсаулығын қорғауға, ауданымыздағы санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің қалыптасуы мен дамуына арнаған білікті де тәжірибелі маман еді. Санитария бөлімінің басшысы қызметін атқара жүріп, өз ісіне асқан жауапкершілікпен қарап, кәсіби білімі мен мол тәжірибесін ел игілігіне жұмсады.

Ұзақ жылғы еңбек жолында халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығын қамтамасыз ету жолында қажырлы еңбек етіп, кейінгі буын мамандарына білгенін үйретіп, тәлімгерлік өнеге көрсетті. Әріптестері арасында кәсіби біліктілігімен ғана емес, адамгершілігімен, парасаттылығымен, қарапайымдылығымен және азаматтық болмысымен зор құрметке бөленді.

Өмірін елге қызмет етуге арнаған ардақты азаматтың жарқын бейнесі, өнегелі ғұмыры мен елеулі еңбегі оны таныған жандардың және әріптестерінің жүрегінде мәңгі сақталады.

Орны толмас ауыр қазаға ортақтасып, марқұмның отбасы мен туған-туыстарына, барша жақындарына қайғыларына ортақ екенімізді білдіреміз. Алла алдынан жарылқап, иманы саламат, жаны жәннатта болсын. Артында қалған ағайын-туысына сабыр мен күш-қуат тілейміз.

Ақтоғай аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының ұжымы.



** Дін – бірліктің діңгегі*

Терроризм актілерінің алдын алуда қоғамдық жауапкершілік пен ынталандыру механизмдері

Терроризм – қоғамның қауіпсіздігіне, тұрақтылығына және азаматтардың өміріне қауіп төндіретін күрделі құбылыс. Оның алдын алу тек құқық қорғау органдарының ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті болып табылады.

Қазақстанда терроризмнің алдын алу мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының бірі. Бұл ретте азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу, жастардың сыни ойлау қабілетін дамыту және дәстүрлі құндылықтарды насихаттау ерекше маңызға ие.


Қоғамдық жауапкершілік – қауіпсіз қоғам қалыптастырудың басты тетігі. Әрбір азамат заң талаптарын сақтап, күмәнді жағдайлар туралы уәкілетті органдарға дер кезінде хабарлап, жалған ақпарат таратудан бас тартуы қажет. Сонымен қатар, мемлекеттік органдар, білім беру ұйымдары, үкіметтік емес ұйымдар және бұқаралық ақпарат құралдары бірлесіп профилактикалық жұмыстарды жүйелі жүргізуі тиіс.

Ынталандыру механизмдері ретінде құқықтық мәдениетті арттыру, жастар арасында патриоттық тәрбиені күшейту, қоғамдық бастамаларды қолдау және ақпараттық қауіпсіздік дағдыларын дамыту маңызды. Бұл қоғамның экстремистік идеологияларға қарсы имунитетін нығайтады.

Қорытындылай келе, терроризмнің алдын алу – ортақ жауапкершілік. Занды құрметтеу, азаматтық белсенділік және қоғамдық келісімді сақтау арқылы ғана қауіпсіз ері тұрақты қоғам қалыптастыруға болады.

**С.Макаева,
Ақтоғай ауданының ішкі саясат бөлімінің бас маманы.**

Еске алу



«Тумақ бар жерде, өлмек бар» дейді халқымыз. Өмір қанша қымбат болғанымен, оның өткінші екені – адамзатқа ортақ ақиқат. Қамшының сабындай қысқа ғұмырдың бір күні үзіліп, тіршіліктің мәңгілік сапарға ұласары хақ. Бірақ кейбір қазамен

қанша жыл өтсе де көңіл көншімейді, жүрек сағынышы басылмайды. Өйткені жақсы адамның орны әрдайым бөлек.

Өлім түгілі өкпеге қимайтын аяулы сыныптасымыз **Сейсенбеков Оңдасын Қойбағарұлының** өмірден өтіп, мәңгілік мекеніне аттанғанына биыл 22 жыл толып отыр. Жиырма екі жыл – аз уақыт емес. Дегенмен уақыт алыстатқанымен, көңілден өшіре алмады. Оның жарқын бейнесі, сабырлы қалпы, үнсіз ғана жымыған жүзі күні кешегідей көз алдымызда.

Оңдасын мектеп қабырғасында жүрген кездің өзінде сабырлы мінезімен, салмақты болмысымен ерекшеленетін. Көп сөзге жоқ, артық сөйлемейтін, ешкімнің көңіліне қаяу түсірмейтін. Үнемі үнсіз ғана жымып жүретін қарапайым қалпы өзіне ерекше жарасатын. Бойындағы байсалдылық пен адамға деген жылылық оны айналасына сыйлы етті.

Ол достықты қадірлей білетін, досқа адал еді. Қиналған жанның жанынан табылып, қолынан келген көмегін аянып қалмайтын. Біреуге жасаған жақсылығын міндетсінбейтін. Ниеті түзу, көңілі таза, адамгершілігі мол азамат болатын. Осындай қарапайымдылығы мен азаматтық қасиеттері Оңдасынды біздің жадымызда ерекше жан етіп қалдырды.

Оның өміріндегі ең ауыр кезеңдердің бірі – ұлы Мақсаттың сырқаты еді. Перзентінің ауырғаны әке

жүрегіне қаншалықты батқаны айтпаса да түсінікті. Оңдасын сол ауыртпалықты да өзінің сабырлы қалпымен үнсіз көтерді. Ішкі жан күйзелісін сыртқа шығарып, ешкімге салмақ салмады. Бар уайымын жүрегіне бүгіп, баласының жағдайын ойлап өмір сүрді. Бәлкім, айтылмаған мұңы да, тарқамаған уайымы да көп болған шығар... Бірақ ол бәрін азаматқа тән төзіммен көтеріп, ішкі қайғысын өзімен бірге алып кеткендей.

Бүгінде сол күндерді еске алғанда, оның үнсіздігі мен сабырлылығы бізге көп ой салады. Кей адамдар өмірден өткен соң олардың қадір-қасиеті бұрынғыдан да айқын сезіледі екен. Оңдасын да біз үшін сондай жан.

Арада қанша жыл өтсе де, бірге өткізген балалық шақ, мектептегі қызықты күндер, сыныптастық сыйластық пен достық әңгімелер көңілімізде жаңғырып тұрады. «Оңдасын қандай еді?» дегенде, көз алдымызға баяғы сабырлы қалпы, салмақты мінезі, үнсіз жымыған жүзі келеді.

Адамның ғұмыры жылдармен ғана өлшенбейді. Оның артында қалдырған жақсы аты, адамға жасаған жақсылығы, азаматтық болмысы – ғұмырдың жалғасы. Оңдасын да біздің жүрегімізде жақсы адам, адал дос, аяулы сыныптас болып мәңгі сақталады.

Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа болсын, аяулы сыныптасымыз Оңдасын! Жарқын бейненді, адамгершілігінді, достыққа адалдығыңды ешқашан ұмытпаймыз. Жылдар алыстатқанымен, жүректегі сағынышты өшіре алмады.

Жылдар жылжып, уақыт өтсе де, Сағыныштың ізі өшпейді.

Жақсы адамның жарқын бейнесі Жүректерден мәңгі көшпейді.

Иманың жолдас, жаның жәннатта болсын, Оңдасын!

Сағынышпен еске алушы – сыныптастарың.

Еске алу



Қойбағаров Мақсат Оңдасынұлын бүгінде сағыныппен еске аламыз. Арада 20 жыл өтсе де, жүрегіміздегі сағыныш сейілген емес...

Осыдан жиырма жыл бұрын арамыздан ерте кеткен сыныптас досымыз Мақсатты ұмытқан емеспіз. Мектеп қабырғасында бірге оқып, балалықтың қызығы мен қуанышын бірге бөліскен күндеріміз әлі күнге дейін жадымызда. Мақсаттың аккөңіл мінезі, достыққа адалдығы, адамға деген сыйластығы мен жарқын бейнесі сыныптастарының жүрегінде мәңгі сақтаулы.

Уақыт жылжып, жылдар өткен сайын балалық шақтағы бірге өткізген әрбір сәттің қадірі арта түседі. Кейде сыныптастар бас қосып, өткен күндерді еске алғанда, Мақсаттың есімі де жылы естеліктермен бірге аталады.

Жақсы адам өмірден өтсе де, оның жарқын бейнесі, жақсы аты мен артында қалған ізгі естеліктері ешқашан ұмытылмайды.

Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа болсын, аяулы досымыз! Сен біздің жүрегімізде, сыныптастарыңның сағынышында мәңгі сақталасың.

**Сағынышпен еске алушылар:
бірге оқыған сыныптастары.**

«После смерти Рахимбекова Болате Жанибековича, умершего 02 марта 2026 года, открыто наследственное дело. Имеющим наследникам обращаться к нотариусу Марбатовой А.М. по адресу: Карагандинская область, г. Приозерск, ул. Кисунько, д. 1 Б, тел. 87073453301».

10 сәуір 2026 жылы қайтыс болған Қожамбаев Сағдат Медетовичтің атына мұрагерлік іс ашылды. Осы іске қатысы бар мүдделі тұлғалар нотариус Б.Мұхановаға хабарласуға болады. Мекен-жайы: Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылы, Күлейменов көшесі, 17 үй. Тел.: 87017511666

Қазақ тілі – қазақ халқының жаны, рухы, тарихы мен тағдыры

Ұлтты ұлт етіп сақтап тұрған ең басты құндылықтың бірі де – тіл. Халықтың ғасырлар бойы жинаған дүниетанымы, салт-дәстүрі, мінезі мен болмысы ана тілінде көрініс табады. Сондықтан тіл мәселесі – бір ғана тіл мамандарының немесе белгілі бір мекеменің шаруасы емес. Бұл – әр қазақтың, әр отбасының, тұтас қоғамның мәселесі. Бүгінде қазақ тілінің қолданыс аясы кеңейіп, мемлекеттік тілге деген құрмет артып келеді. Қазақ тілінде білім алып жатқан балалардың саны көбейді, мемлекеттік мекемелерде іс жүргізу де біртіндеп қазақшаға көшті. Бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде қазақ тіліндегі контент көбейді.

Кейде кішкентай баланың қазақша қарапайым сөзді білмей тұрып, ағылшын тіліндегі атауды айтып тұрғанына таңғаламыз. Ата-анасы да «балама ағылшынша біледі» деп қуанады. Әрине, ағылшын тілін үйренудің еш жамандығы жоқ. Қазіргі заманда бірнеше тіл білу – үлкен мүмкіндік. Шет тілін меңгерген ұрпақтың білімі мен мүмкіндігі де кең болады. Мәселе ағылшын тілін үйренуде емес, ана тілін толық меңгермей жатып, өзге тілге басымдық беруде. Бала ең алдымен өз ана тілінде еркін ойлап, анық сөйлеп, ойын жеткізе алуы керек. Өз тілінің сөздік қорын меңгеріп, әдебиетін оқып, мақал-мәтелін, шешендік сөзін, тарихы мен мәдениетін танып өсуі қажет. Осындай берік негіз қалыптасқаннан кейін бірнеше шет тілін меңгерсе, одан ұтпасақ, ұтылмаймыз. Бұл жерде ұялы телефонның, яғни бүгінгі тілмен айтқанда смартфонның ықпалын жоққа шығара алмаймыз. Телефон қазір тек байланыс құралы емес. Ол – баланың ойыншығы, теледидары, кітапханасы, ақпарат көзі, тіпті кей жағдайда тәрбиешісіне дейін

айналып отыр. Бұрын бала кешкісін ата-әжесінің әңгімесін тыңдайтын. Ертегі еститін. Жаңылтпаш айтып, жұмбақ шешетін. Үлкендердің әңгімесіне құлақ түріп, сөз саптауын үйренетін. Ауылдағы қариялардың бір ауыз сөзінен қаншама тағылым алатынбыз. Қазір сол уақыттың орнын телефон басып барады.

Сондықтан тіл тазалығын баладан емес, алдымен өзімізден талап еткеніміз жөн. «Жарықты өшір», «есікті жап», «сабағыңды оқыдың ба?», «телефоныңды қуаттағышқа қой» деп айту соншалықты қиын емес. Біз күнделікті қолданатын сөздерді қазақша айтуға дағдылансақ, бала да соны үйренеді.

Тілдің ең үлкен мектебі – отбасы. Біз кейде қазақ тілінің жағдайын сөз еткенде бар жауапкершілікті мемлекетке артып қоямыз. «Заңды күшейту керек», «қазақша қызмет көрсетсін», «жарнамалар қазақша болсын» дейміз. Бұл талаптардың бәрі орынды. Мемлекеттік тіл қоғамдық кеңістікте өзінің лайықты орнын алуы тиіс. Көшедегі дүкен атаулары, жарнамалар, мәзірлер, қызмет көрсету орындарындағы ақпараттар мемлекеттік тілде сауатты жазылуы керек. Қазақша жазылған дүниеде қате өріп жүрсе, ол да тілге деген құрметтің деңгейін көрсетеді. Алайда мемлекеттің жасап берген мүмкіндігін күнделікті өмірде пайдалану – өз қолымызда. Қазақша сөйлеу үшін арнайы қаулы күтудің қажеті жоқ.

Егер біз балаларымыздың ана тілін құрметтегенін қаласақ, өзіміз үлгі болуымыз керек. Қазақша сөйлейтін адамды «ауылдың адамы» деп қабылдайтын түсініктен де арылатын уақыт жетті.

Гүлнар Елеусізова,

ҚР Журналистер Одағының мүшесі.

Құттықтаймыз!



Құрметті Торғын
Камериятқызы!

Сізді Ұлттық сараптама саладағы ұзақ жылғы еңбек өтіліңізге байланысты лайықты зейнеткерлік демалысқа шығуыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Саналы ғұмырыңыздың елеулі бөлігін ауданымыздың «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ КМК Қарағанды облыстық филиалының Ақтоғай аудандық бөлімшесіндегі қызметіне арнап, осы мекемеде ұзақ жылдар бойы білікті де жауапты маман ретінде абыройлы еңбек еттіңіз. Қызметтің қиындығы мен жауапкершілігіне қарамастан, ел денсаулығы мен халықтың санитариялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында аянбай тер төгіп, өз ісіңізге деген адалдығыңызбен көпшілік құрметіне бөлендіңіз.

Ұзақ жылғы адал еңбегіңіз еленіп, түрлі мақтау-марапаттарға ие болуыңыз – кәсіби біліктілігіңіз бен маңдай теріңіздің лайықты бағасы.

Ендігі зейнеткерлік кезеңіңіз өміріңіздің шуақты да берекелі белесі болсын! Отбасыңыздың ортасында бала-шағаңыз бен немере-шөберелеріңіздің қызығын көріп, абыройыңыз артып, мерейіңіз үстем болғай. Деніңізге саулық, жаныңызға тыныштық, шаңырағыңызға бақ-береке тілейміз.

Зейнетіңіз – бейнетіңіздің зейнеті,

Ғұмырыңыздың шуақты бір кезеңі.

Қуаныш пен шаттыққа толы болып,

Ұзақ болсын алдағы өмір белесі!

Игі тілекпен: 1968 жылғы сыныптас достарыңыз.

Хабарландыру

«ULMUS BESSHOKY» (УЛМУС БЕСШОКЫ) АҚ «Қарағанды облысының Ақтоғай ауданында орналасқан Шығыс Бесшоқы кен орындарында ашық тәсілмен мыс кендерін өндіру жөніндегі тау-кен жұмыстарының жоспарына» кешенді экологиялық рұқсат алуға өтініш материалдары бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылға 1 қазанда сағат 14:30-де Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Қусақ ауылдық округі, Қошқар ауылы, Мәдениет көшесі, 15 (Мәдениет үйі) мекенжайы бойынша өтеді.

Онлайн қатысу үшін сілтеме бойынша өту қажет: <https://mineralsoperating.bitrix24.kz/video/aaR0s6Hh>

Әсер ету аумағының географиялық координаттары: Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Қусақ ауылдық округі: 48°13'22.15" СШ 76°12'48.90" ШБ.

Учаскенің географиялық координаттары: 1. 48° 27' 42,42" СШ 76° 15' 53,16" ШБ 2. 48° 27' 34,49" СШ 76° 27' 4,97" ШБ 3. 48° 23' 44,61" СШ 76° 26' 58,43" ШБ 4. 48° 23' 52,52" СШ 76° 15' 47,46" ШБ.

Қатысушыларды тіркеу жеке куәлігін ұсынған жағдайда жүзеге асырылады. Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «ULMUS BESSHOKY» (УЛМУС БЕСШОКЫ) АҚ; Қазақстан Республикасы, 050004, Алматы қ., Медеу ауданы, Елебеков к., 10, №1 блок, 3 қабат, +7 (727) 250 13 87, info@ulmusbesshoky.com, БИН 131140027330

Әзірлеуші: «Minerals Operating Ltd.» ЖК, Z05T3E5, Астана қ., Мәңгілік Ел даңғ., 55/21, 164 кеңсе, +7 (777) 491 40 02, e-mail: info@moperating.kz, БИН 200140900031.

Жергілікті атқарушы органы (ЖАО): «Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ; +7 7212 56 41 27; pr.resurs@krg.gov.kz.

Жобаға қатысты құжаттама «Қоршаған орта және табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» порталында - <https://ndbecology.gov.kz/> және ЖАО-ның <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/about?lang=ru> сайтындағы «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде орналастырылған.

Ескертулер мен ұсыныстар <https://ndbecology.gov.kz/> порталында немесе expertiza.upr_krg@mail.ru электрондық поштасы арқылы қабылданады.

Объявление

АО «ULMUS BESSHOKY» (УЛМУС БЕСШОКЫ) уведомляет о проведении общественных слушаний по материалам к заявлению на получение комплексного экологического разрешения к «Плану горных работ по добыче медных руд на месторождениях Восточный Бесшоки открытым способом, расположенных в Актогайском районе Карагандинской области».

Общественные слушания состоятся 1 октября 2026 года в 14:30 ч. по адресу Карагандинская область, Актогайский район, Кусакский сельский округ, село Кошкар, улица Мәдениет, 15 (Дом культуры).

Для участия онлайн необходимо перейти по ссылке: <https://mineralsoperating.bitrix24.kz/video/aaR0s6Hh>

Территория воздействия: Карагандинская область, Актогайский район, Кусакский сельский округ. Географические координаты территории воздействия: 48°13'22.15" СШ 76°12'48.90" ВД

Географические координаты участка: 1. 48° 27' 42,42" СШ 76° 15' 53,16" ВД 2. 48° 27' 34,49" СШ 76° 27' 4,97" ВД 3. 48° 23' 44,61" СШ 76° 26' 58,43" ВД 4. 48° 23' 52,52" ВД 76° 15' 47,46" СШ.

Регистрация участников ведется при предъявлении удостоверений личности.

Инициатор намечаемой деятельности: АО «ULMUS BESSHOKY» (УЛМУС БЕСШОКЫ); Республика Казахстан, 050004, г. Алматы, Медеуский район, ул. Елебекова, 10, блок №1, 3 этаж, +7 (727) 250 13 87, info@ulmusbesshoky.com, БИН 131140027330.

Разработчик: ЧК «Minerals Operating Ltd.», Z05T3E5, г. Астана, пр. Мангилик Ел, 55/21, офис 164, +7 (777) 491 40 02, e-mail: info@moperating.kz, БИН 200140900031.

Местный исполнительный орган (МИО): ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области»; +7 7212 56 41 27; pr.resurs@krg.gov.kz.

Документация по проекту размещена на портале «Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов» - <https://ndbecology.gov.kz> и на сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/about?lang=ru> в разделе «Общественные слушания».

Замечания и предложения принимаются на портале <https://ndbecology.gov.kz/> либо на электронную почту expertiza.upr_krg@mail.ru

Құрылтайшысы: «*Aqtogai ajary*»
Ақтоғай аудандық газетінің редакциясы» ЖШС.
Редактор: Нұрдәулет Ақторғай.

Меншік иесі: «*Aqtogai ajary*»
Ақтоғай аудандық газетінің редакциясы» ЖШС.
(*куәліктегі ресми атаумен келісілген*)

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде 2020 жылдың 10 қаңтарында қайта тіркелді.

Тіркеу куәлігі:
KZ94VPY00019192

Алғашқы тіркеу күні мен нөмірі: 1999 жылғы 09 шілде, №578-Г

Газет апта сайын 1 рет шығады

Таралымы 1030 дана

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді.

Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.

Телефондар: редактор: 2-18-81, 87085474303

Электрондық пошта: aktogai_red@mail.ru

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.